


Халқым менің- қонақжай

Сабақтың мақсаты:
“Сыйластық”, “достық”,
”туыстық”, адамгершілік
құндылықтары
туралы түсінігін
кеңейту

Сабақтың міндеті:
Қонақ күту дәстүрі, қонақасы
туралы түсінік беру, қонақты
сыйлау
іскерліктерін дамыту,
қонақжайлылық
дәстүрді құрметтеуге
тәрбиелеу

Сабақтың көрнекілігі: сюжетті суреттер, магнитофон (күй)



Қонақжайлылық белгісі

Сырттан келген мейманға
Сәлем беріп қол алсаң
1-еткен құрметің.
“Түсіңіз”, -деп түс беріп,
Шылбырына оралсаң,
2-еткен қызметің.
Есік ашып енгізіп,
Көрпе төсеп құп алсаң,
3-еткен қызметің.
Мейман риза болғаны-
Құрметпен үйге қонғаны.

Әңгімелесу

*Шеңбер құра тұрып,
бәрі қосылып 2 рет
қайталайды.*

*Біз ақылды баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Үйге келген қонақтың,
Алғыстарын аламыз.*



Шаттық шеңбері

**Сұрақ: Не түсіндіңдер?
Мұғалім толықтырып, сабақтың
тақырыбын хабарлайды.**

Тақырыпты түсіну “Қонақасы” әңгімесі арқылы түсіндіреді

“Қонақасы” сөзі- “қонақ” және “асы” деген сөздің бірігуі

Жылы жүректілік

Кең пейілділік

Сүйіспеншілік

**Жылы жүз,
шырай**

**Қонақ
күту
арқылы**

Мейірім

құрмет

сыйластық

**Адамдар арасында адамгершіліктің осындай
құнылықтары пайда болады.**

Ойын

Қонақты қарсы алу

I топ

Қонаққа достары келеді. Қалай қарсы алып, шығарып салатындарын көрсетеді

II топ

Қонаққа келген жақын-туыстарын қарсы алуды көрсетеді

III топ

Үйде ата-аналары жоқ кезде келіп қалған қонақты күтуді көрсетеді

Үйге тапсырма


Қонақ күтуге арналған дастарқан үстіне ұсынылатын тағамдардың суретін салу тапсырылады.

Дәйексөз

Жақсы қонақ-құт береке

халық даналығы

Құтты қонақ келсе қой егіз табады.
Балалар, ата-бабадан жалғасып келе жатқан дәстүрдің бірі – қонақ күту. Үйге қонақ келсе, қонақпен бірге қуанышты хабар, жақсылық, бақыт, береке бірге келеді деп ырым етіп қуанатын болған. Өйткені, қонақтар біреудің дастарқанына барғанда жақсы тілекпен, мейірімді жүрекпен барады, сол үйдің қуанышын бөлісіп, бірге қуанып, ортақтасады, сондықтан да халық “Жақсы қонақ – құт, береке” деп айтқан.



Қорытынды

Дастарқанға бата

Батаны жасы үлкен, төрдегі ең сыйлы адам береді. Бата-қазақ халқы үшін қасиетті де қастерлі тілек. Халық арасында бата тілек орындалады деген сенім бар.

Батадан үзінділер айтып кету

Жүректен-жүрекке

- Азамат бол
- Халқыңа қалаулы бол
- Арманың орындалсын
- Ата-ананың қуанышы бол
- Білімді бол
- Денсаулығың зор болсын

Ән “Қазақы дастарқаны”

*Ей, халайық, халайық,
Бар өнерге салайық.
Уайым қайғы жоқ болсын,
Қуанышың көп болсын*



*Дастарқан-ау, дастарқан,
Мерекелі дастарқан.
Берекелі дастарқан, ей*

*Жақсы келсе, құт болар,
Жаман келсе, жұт болар.
Жолаушымыз біз деген,
Асыл мұра іздеген.*

